

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№26 (139) ЖҰМА

25 шілде 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



ҚМДБ ТӨРАҒАСЫ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Ұлытау облысына келген жұмыс сапары барысында облыс әкімі Дастан Адайұлымен кездесті.

Кездесуде аймақтағы діни ахуал мен рухани тұрақтылықты сақтау мәселелері сөз болды. Атап айтқанда, өңір мешіттеріне тәжірибелі әрі білімді дін қызметкерлерін тарту, дін мамандарының кәсіби деңгейін арттыру бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Облыс әкімі Бас мүфтиге өңірге жасаған сапары үшін зор рахмет айтты.

- Ұлытау облысы құрылғаннан бергі аз ғана уақыт ішінде біздің

аймаққа үшінші мәрте келіп отырсыз. Ұлытау – қастерлі де киелі мекен. Бұл өлкеде терең тарих тұнып тұр. Дінді де, дәстүрді де дәріптеген елміз.

Бұл жолғы сапарыңызда облыс орталығындағы жаңа мешіттің іргетасын қалайтын боласыз. Бұл облыс тарихында алтын әріптермен жазылатын болады – деді Дастан Адайұлы.

muftyat.kz

ЕҢБЕК АДАМЫНА – «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ»

Биылғы жылды ел Президенті «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны белгілі. Сондықтан да, қарапайымы жұмыскерлердің әдеттегіден көбірек марапатталып жатқаны да байқалады. Бұл өте дұрыс. Өйткені, еңбек адамына қандай сый – сияпат көрсетілсе де, еш артығы болмайды.



Сәтбаев қаласы әкімінің кеңейтілген аппарат жиынында қала шаруашылығында аянбай тер төгіп жүрген азаматтардың біріне еліміздің жоғары наградаларының бірі салтанатты жағдайда тапсырылды.

«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорнының» сыртқы құбыржолды монтаждаушысы Болат Бейсенбайұлы Науанов ел Президентінің 2025 жылғы 4 шілдедегі Жарлығына сәйкес су саласындағы көпжылдық

адал еңбегі үшін III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталған болатын. Орденді қала әкімі М.Бөрібаев салтанатты жағдайда табыстады. Ол Болат Бейсенбайұлына зор денсаулық, еңбекте жаңа табыстар тіледі.

Бұл марапат – азаматтың еңбекқорлығы мен кәсіби адалдығының айқын дәлелі.

Сала мамандары үшін бұл – үлкен шабыт пен мақтаныш.

**Қала әкімінің
баспасөз қызметі.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЖАСТАР ҮШІН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамалары аясында мемлекеттік қызметті жаңғырту мен оны жастар үшін тартымды ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Ел болашағы – білімді, ұлтжанды, белсенді жастар екені белгілі. Осы ретте, мемлекеттік қызмет – ел дамуына үлес қосқысы келетін жас мамандар үшін зор мүмкіндіктер алаңы.

Неге мемлекеттік қызмет? Мемлекеттік қызмет – тұрақты еңбек, әлеуметтік кепілдіктер мен кәсіби өсуге жол ашатын сала. Мұнда әрбір қызметкердің еңбегі бағаланып, дамуына жағдай жасалады. Әсіресе, жас мамандар үшін мансаптық өсу, тәжірибе жинақтау мен қоғамдық жауапкершілікті сезіну тұрғысынан бұл сала үлкен мек-

теп саналады.

Жастар үшін қолайлы жағдайлар. Қазіргі таңда мемлекеттік органдарда жастарға арналған тағылымдамалар, кадрлық резервтер мен «Болашақ» бағдарламасы сияқты жобалар арқылы мемлекеттік қызметке келудің жолдары жеңілдетілуде. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметке іріктеу

рәсімдері ашық әрі әділ түрде өтеді. Электрондық форматтағы конкурстар, тестілеу жүйелері жастардың әлеуетін әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Әкімдік жанындағы жастарға қолдау. Біздің әкімдік те бұл бағытта бірқатар іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Мәселен, мемлекеттік қызмет туралы ақпараттық кезде-

сулер мен мотивациялық дәрістер жиі өткізіледі. Сонымен қатар, жас мамандарға тәлімгерлік жүйесі арқылы тәжірибелі қызметкерлер қолдау көрсетіп отырады.

Мемлекеттік қызмет – бұл жай ғана жұмыс орны емес, бұл – Отанға қызмет ету миссиясы. Ел ертеңі – жастардың қолында. Сондықтан біз белсенді, білімді, жаңашыл жастарды мемлекеттік қызметке шақырамыз. Өз әлеуетіңізді ел игілігі үшін жұмсағыңыз келсе, бұл – сіздің жолыңыз!

**А.БЕГЕЖАНОВА,
Сәтбаев қаласы әкімі
аппаратының басшысы**

► АЙТАЙЫН ДЕП АЙТПАЙСЫҢ...

«ПОЛИЦЕЙЛЕР НЕГЕ ЖАЯУ ЖҮРМЕЙДІ?»

Сәтбаев қаласы әкімдігінде өткен кеңейтілген аппарат жиынында қала әкімі Мұрат Бөрібаевтың нақ осындай сұрағына қалалық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қайрат Смағұлов жауап бере алмады. Жауап бергенде не айта қойсын? «Жүреміз ғой» дей ма? Бұлай десе өтірігі шығып қалады. Соны білгендіктен болар Қ.Смағұлов жауап қайтармай құтылды.

«Менің осы қалаға келгеніме бір жылдан асты. Жыл бойы тым болмаса бір рет көшеде қоғамдық тәртіпті қадағалап, жаяу жүрген бірде – бір полиция қызметкерін көрген емеспін. Бұл туралы бұрын да айтқанмын, ескерткенмін. Бірақ, нәтиже шығарып жатқан жоқсыздар. Жоғары тұрған басшыларыңызға шығуға тура келеді» деді Мұрат Ерболатұлы.

Бұрындары полиция көшкілік көше – көшенің бойымен кезекшілікке шығатын. «ДНД» деген көмекшілері де болатын. Өзіміз де білегімізге қызыл шүберек тағып алып, «ДНД-ға» талай шықтық. Сонда былайғы көпшілік кәдімгідей қаймығып қалатын, етек – жеңдерін жинастыратын. Учаскелік полицейлер обалы нешік, күн сайын болмаса да, апта сайын пәтерімізге бас сұғып, жағдайды сұрап, біліп тұратын. Қазір мұның бәрі де көзден бұл – бұл ұшты. Бірде полициядағы жігіттердің бірінен «бұрын учаскелік полицейлердің деректері әрбір кіреберісте көрнекті етіп жазылып тұратын еді, қазір неге жоқ?» деп сұрағанымда, «Аға, әлеуметтік желіде арнайы чат бар емес пе?» деген. Ау, екіншісі бірі чатқа кіре бере ме?

Әкімнің «жаяу жүрсеңдер көп нәрсені көрер едіңдер» дегені дұп – дұрыс. Өз басым көбіне жаяу жүремін. Сонда таңертең ертелетіп адам серуендейтін жерлерге барып ит жетектегендер, аулаларда бастарын жазып отырғандар көзге бірден шалынады. Осыларды тәртіпке кім шақыру керек? Әрине, оларға әкім барып, ескерту жасап, айыппұл жазып, т.б. шаралар қарастырып жүрмейді ғой.

Негізі полицияның иығындағы қаланың тыныс-тіршілігіне қатысты жауапкершілігі қала басшысынан мысқалдай да кем емес. Өйткені, қаладағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету – полицияның тікелей міндеті. Ал, «қоғамдық тәртіп» дегенге қисайып жатқан мас та, шашылып жатқан қоқыс та кіреді. Ертеректе, қала басшылары қалалық аппарат жиынында полиция өкілдерінен антисанитария үшін қандай шаралар қолданғанын сұрап жататын. Ал, біздің қалада қаңтар – мамыр аралығында полиция тарапынан тазалықты қамтамасыз етуге міндетті мекемеге бар – жоғы 2 (екі) айыппұл салынған көрінеді. Өтірік айтқан болса, әкім өзі біледі. Бұл Мұрат Бөрібаевтың кеңейтілген аппарат жиынында айтқаны. Әкім сондай – ақ, қалада 902 бейнекамера орнатылғанына қарамастан, ешқандай оң нәтиже байқалмай отырғанына да қынжылыс білдірді.

«Қаншама қаражат жұмсадық сол камералар үшін. Және соның бәрін «жолдың қозғалысы үнемі бақылауда болсын» деген мақсатпен бірыңғай көше бойларына орнаттық. Ал, нәтиже қандай?». Әкімнің ренішін түсінуге болады. Өйткені, Қ.Смағұловтың баяндамасында биылғы алғашқы 6 айда қала бойынша жол – көлік оқиғасы 206 пайызға өсіп кеткені айтылды. Яғни, былтыр осы уақытта



– 18 оқиға тіркелсе, биыл -55-і тіркелген. Ал, сол жол-көлік оқиғаларының салдарыан жарақат алғандар саны 200 пайызға көбейген. Өткен жылдың алғашқы алты айында 24 адам жарақат алса, биыл олардың саны -72-ке жетіп отыр. «Бейнекамералар орнатқан соң азаяды» деген жағдай керісінше көбейіп кеткені қалай?

Бейнекамералардың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қалада толық тәртіп орнатуға болады. Тек дұрыс бақылап, соған сәйкес іс – әрекет жасай білген жөн. Бұған көршілес Қызылорда қаласы дәлел бола алады. Осыдан 10-15 жыл бұрын бұл қаланың қазақы тілмен айтқанда, басындағы биті балағына төгіліп жататын еді. Қалай бейнекамералар қойыла бастады, Қызылордаға солай оң өзгеріс енді.

Бірде сол жақтан келген қонақтар есік алдында ішіп отырғандарды көріп, «мынандайлар сіздерде әлі де бар екен ғой» деп күлген еді. Сөйтсе, Қызылордада есік алдында отырып ішпек түгілі, дүкеннен алғанда ашық торқалтаға немесе қолыңа алып жүретін болсаң, яғни, арақтың шшасын ашық көрсетсең де, «бұл заңсыз жарнамамалау болып табылады» деп, айыппұл төлейді екенсің. Міне, бейнекамераны қойған соң, осылай пайдалану керек.

Ал, біз Қызылордада емес, Сәтбаевта тұрамыз. Сондықтан, әзірге тек «Камералар бар, бірақ тәртіп жоқ. Жүйелі бақылау мен нақты жауапкершілік жоқ жерде нәтиже де болмайды» деген қала әкімінің сөзі аяқсыз қалмайтынына ғана үміттенеміз.

Абдолла ДАСТАНОВ

ӘДІЛДІК ПЕН ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің сақталуына тікелей қауіп төндіретін теріс әлеуметтік құбылыс. Ол қоғамдағы сенімсіздікті арттырып, мемлекеттік органдардың беделін түсіреді.

Осыған байланысты елімізде бірқатар заңнамалық және институционалдық шаралар қабылданды. 2015 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң — бұл бағыттағы басты құқықтық құжат. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы жүзеге асырылуда.

Бұл саясаттың негізгі мақсаттары:

- қоғамда адалдық, әділдік және парасаттылық қағидаттарын қалыптастыру;
- мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру;
- азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін дамыту;
- ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдар өз қызметінде ашықтық қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс. Барлық рәсімдер мен шешімдер заңға негізделіп, халыққа түсінікті болуы қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер тек кәсіби міндетін ғана атқарып қоймай, үлгі боларлықтай әдептілік көрсетуі тиіс.

Қоғамның әрбір мүшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өз үлесін қоса алады. Бұл – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл ел азаматтарының ортақ міндеті. Әрбір азамат адал өмір сүруді мақсат тұтып, пара беруге немесе алуға жол бермегені жөн.

Сыбайлас жемқорлықты жеңу – тек заңмен емес, сана-сезіммен, тәрбие мен адалдықпен жүзеге асады. Сондықтан баршаңызды адалдықты ту етіп, сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбеушілік қағидатын ұстануға шақырамыз!

М.ЖОЛДАСБЕКОВА,
Сәтбаев қалалық сотының
жетекші маманы.

БАСТАЛДЫ – АУ...

Қаншама жылдар бойы зарыға күтіп жүрген «Жезқазған – Қызылорда» автокөлік жолына күрделі жөндеу басталатыны туралы хабар шығып, елдің елең ете қалғанына да бір жылдың о жақ, бұ жағы болып қалды. Жолды жөндеуге байланысты жарияланған тендерде Қытай елінің төрт компаниясы жеңімпаз атанғанын естігенде халықтың көпшілігі «дұрыс болған екен, олар салса, сапалы болады» деп те бір қуанысып қалды. Осының бәрін көріп те жүр едік. Енді...

Өткен аптаның соңына таман жолдың бойынан жақсы жаңалық жетті. Бұл хабарды Ұлытау облысының әкімі Дастан Рысбеков фейсбук әлеуметтік желісі арқылы халыққа өзі қуана хабарлады. Мұнда «Республикалық маңызы бар А-17 автомобиль жолының «Қызылорда – Жезқазған» 216 - 424 шақырымын қайта жаңарту жұмыстары» учаскесінде 19.07.2025 жылдан бастап асфальт төсеу жұмыстары басталып, жұмыстар қарқынды жүргізілуде» деп жазылған.

Бұл біздің Ұлытау облысындағы бөлігіне қатысты айтылған сөз. Ал, аржағындағы 120 шақырымның тақтайдай теп – тегіс екендігі соншалық, үстімен жүргенде, машинамен емес, кемемен жүзіп, ұшақпен ұшып келе жатқандай сезімде боласың. Қызылордаға жақындаған тұстағы 90 шақырымның жұмыстары әлі біте қойған жоқ.

Қалай болғанда да, көпшілігіміз мақтай беретін Кеңес өкіметі салмай кеткен жолды өз еліміз салып жатыр. Тамаша емес пе? Ел Пре-

зиденті жол құрылысын тікелей өзінің бақылауында ұстап отыр. Қаржы көзін қарастырды, күрмеудің түйінін тарқатты. Сондықтан да, еліміздің басшысына рахметтен басқа айтарымыз жоқ.

«Қырқына шыдағанда қырық біріне» де шыдау керек. Әр істің ақырын сабырмен күтетін халқымыз осылай демейтін бе еді?! Ендеше, басталған іске сәттілік тілеп, ақырын күтейік!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.



► АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

ЖАҢА ЖОБА
ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ
БІРІКТІРЕДІ

Газетімізде бұған дейін облыс аумағында «Отбасылық ферма» атты жаңа жоба жүзеге асырылатындығы жайлы ақпарат жарияланған болатын. Бұл - агроөнеркәсіп саласы үшін тың бастама болып табылады. Осы айрықша жоба туралы кеңірек түсінік алу мақсатында біз облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы, әрі Агроөнеркәсіп кешенінің экономикалық талдау және субсидиялау мен инвестициялар тарту бөлімінің басшысы Мұқағали РАМАЗАНМЕН әңгімелескен едік.



- Шаруашылықтарды біріктіру арқылы құрылатын «Отбасылық ферма» жобасын біз биылғы жылдың аяғына дейін жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Жұртшылықты дабырлатқан ақпарат сәл ертерек тарап жатқан сияқты. Өздеріңіз біліп отырғандай, жаңа жобаны іске асырудың алғы шарты болып табылатын инфрақұрылымды дамытуға облыстық бюджеттен 1,2 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға шопандарға тұрғын үй мен малға арналған қора-жайлар салынады, сумен және электр қуатымен қамтамасыз ету істері атқарылады. Қазір Жаңаарқа ауданының бірнеше ауылдарында тұрғын үйлердің іргетасы құйылып, құрылыс жұмыстары қолға алынды, - деп бастады әңгімесін М.Рамазан.

- Жоба бойынша асыл тұқымды мал сатып алынады деп жоспарланып отыр екен. Ол малдар қайдан және қандай қаржы көзі арқылы сатып алынады?

- Иә, жобаны жүзеге асыру үшін 6 мың бас асыл тұқымды ірі қара, 12900 бас қой сатып алу жоспарланған. Мұнша көлемдегі асыл тұқымды малдардың облыс көлемінен табылмайтынын біліп отырмыз. Сондықтан фермер-

лерге басқа өңірлерден сатып алуға кеңес берудеміз. Мал агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыру бағдарламасы аясында берілетін несие қаржысына сатып алынады. «Отбасылық ферма» бағытында болғандықтан біз жобаға ауылдағы мал өсіруге пейілді тұрғындардың қатысуын да қамтитын боламыз. Негізінде, ферма Кеңгір мен Айнабұлақ ауылдарындағы ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі мен Жаңаарқа ауданының шаруа қожалықтарының бірлесуі арқылы құрылады. Ең басты шаруашылық Жаңаарқа ауданының Түгіскен селолық округінде орналасып, оған Айнабұлақ, Ералиев, Ақтүбек ауылдарының фермерлік шаруашылықтарын біріктіру көзделуде. Олар сатып алынатын малдан бөлек, өздерінің 2 мың бас жылқысын да күтіп бағатын болады.

- Мұқағали, осыншама бас малды азықтандыратын жемшөп қорын жасау қалай шешілмекші?

- Ферманың шөп шабатын арнайы бригадасы болады. Олар жеткілікті мал азығымен қамтамасыз етумен айналысады. Болашақта суармалы екпе шөп алқабын игеру де ойласты-

рылады. «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір» демекші, қой малын жылдың көп мезгілінде жайып бағуға болады. Жалпы, біздің облыста кейінгі жылдарда қой малының басы азайып кетті. Ферманың жұмысын жолға қою арқылы қой түлігінің саны көбейеді деп ойлаймыз.

- Жобада мал бордақылау алаңы мен сою цехын іске қосып, бие сүтін өңдеу, вакуумдалған ет өнімдерін шығару сияқты толық өндірістік тізбек қарастырылған екен. Бие сүтін өңдеу мен вакуумдалған ет арнайы цехта шығарыла ма, қалай іске асырылады?

- Дайындалған ет бөліктерін жеке-жеке вакуум пакеттерге салып орап шығару сауда орындарына да, тұтынушыларға ұсынуға да қолайлы екені белгілі. Бұл үрдіс сол мал сою цехында жүзеге асырылатын болады. Малды бордақылау арқылы етпен тұрақты қамтамасыз ету қарастырылады. Ал, бие сүтін өңдеуге

келсек, Жаңаарқа ауданында қазірдің өзінде бие сүтінен порошок дайындаумен айналысып отырғандар бар. Отбасылық ферма базасында осы бастама одан әрі жетілдіріліп, бие сүтінен ұнтақ түріндегі саумал өндіру жүзеге асырылады.

Облыстық ауыл шаруашылығының мамандары бүгінде «Отбасылық ферма» жобасын биылғы жылдың аяғына дейін жүзеге асырудың барлық мүмкіндіктерін қарастырып, ұйымдастыру жұмыстарымен айналысуда. Ірі және ұсақ шаруаларды біріктіру арқылы бәсекеге қабілетті орта қалыптастыруды көздеген жобаның түпкі мақсаты – облыс аймағында азық-түлік қорын молайтып, сырттан келетін ет өнімдеріне тәуелділікті азайту және ішкі нарықты жеткілікті өніммен қамтамасыз ету. Сондықтан жаңа жобадан күтер нәтижеміз де көп.

Әңгімелескен
Амандық РАХҰЛЫ.

САНАҚҚА ҚАТЫСТЫ БРИФИНГ ӨТТІ



Мемлекет басшысының тапсырмасы мен Үкіметтің шешімі бойынша елімізде үстіміздегі жылдың 1 тамызы мен 20 қазан аралығында ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткелі отыр. Осы ауқымды статистикалық байқауға байланысты ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ұлытау облысы бойынша департаментінің басшысы Сания Жаримбетова өңірдегі БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді.

Сания Досмағанбетқызы ауыл шаруашылығы санағының өту тәртібін жан-жақты түсіндіріп, туындаған сауалдарға жауап берді. Санақ онлайн және офлайн бөліктен тұрады. Барлық заңды тұлғалар, фермерлер мен шаруа қожалықтары сауалнамадан өз бетімен өтуге тиіс. Сауалнамаға үй шаруашылықтары да онлайн қатыса алады.

Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу кезінде облыс бойынша 30-ға жуық адамды уақытша жұмысқа тарту көзделіп отыр.

Негізінен жұмыссыз азаматтар, студенттер, сондай-ақ конкурстық іріктеуден және арнайы оқыту дайындығынан өткен ниет білдірушілер санақ жүргізуге тартылады. Санақ кезінде ауыл шаруашылығы өндірушілерінен айналысатын қызметі, өндіретін ет, қымыз сияқты өнімдері туралы сұралады. Жайылымдық жер көлемі, егіс алқаптары, мал басы, ауыл шаруашылығы техникалары, шаруа қожалықтарының инфрақұрылымдары жайлы деректер де сұралып, жинақталады.

Сондай-ақ санақ кезеңінде жеке жер учаскесі, бау-бақшасы бар, үй жағдайында төрт түлік мал немесе құс ұстайтындардың барлығы есепке алынып, қамтылатын болады. Статистика департаментінің басшысы дөңгелек үстелге қатысушылардан бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ауыл шаруашылығы санағын өткізу тәртібі туралы аймақ тұрғындарына жеткізуге барынша ықпал жасауларын өтінді.

Амандық РАХҰЛЫ

ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫСЫ ҚАНДАЙ?

СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-МАУСЫМ АЙЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қала халқының саны 68 584 адамды құрады.

Көші-қон үрдістеріне сәйкес, 2025 жылдың есептік кезеңінде көші-қон салыстырмасы (-145) адамды құрады. Салыстыру үшін, 2024 жылдың осы кезеңінде (-183) адам болған.

2025 жылдың 1-тоқсанында орташа айлық жалақы 788 407 теңгені құрады, бұл 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 29%-ға жоғары. Сәтбаев қаласы Ұлытау облысы бойынша ең жоғары орташа жалақы деңгейіне ие.

Көші-қон процестері мен еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында.

2025 жылғы қаңтар-маусым айларының қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 53 млрд 218 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 115,2% (46 млрд 180,5 млн теңге), жоспарлы көрсеткішке – 111,8% (47 млрд 602,2 млн теңге).

Нақты көлем индексі (НКИ) – 111,9%.

Анықтама:

1. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу

Өндіріс көлемі – 415,5 млн теңге. НКИ – 520,5%.

2. Өңдеу өнеркәсібі өндіріс көлемі – 40 млрд 355,6 млн теңге. НКИ – 115,9%.

3. Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау

Өндіріс көлемі – 11 млрд 054,5 млн теңге. НКИ – 96,6%.

4. Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау және бөлуді бақылау Өндіріс көлемі – 1 млрд 392,6 млн теңге. НКИ – 75,1%.

2025 жылғы қаңтар-маусым айларында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 459,7 млн теңгені құрап, 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,5%-ды (2024 жыл – 449,9 млн теңге), ал жоспарлы көрсеткішке 99,3%-

ды (жоспар – 463 млн теңге) құрады. Нақты көлем индексі (НКИ) – 101,5%.

Негізгі ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі:

• Ет өндіру – 147,5 тонна, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 102,6%-ға жоғары (2024 ж. – 143,8 тонна);

• Сүт өндіру – 712,2 тонна, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 101,4% (2024 ж. – 702,3 тонна);

• Жұмыртқа өндіру – 592,9 мың дана, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 99,2%-ға төмен (2024 ж. – 597,7 мың дана).

Жұмыртқа өндірісінің төмендеу себебі – құс басының азаюына байланысты.

Ауыл шаруашылығы малдардың саны:

• Ірі қара мал – 2395 бас (2024 ж. – 2084 бас), өсім 114,9%;

• Қой мен ешкі – 4758 бас (2024 ж. – 5084 бас), төмендеу 93,6%;

• Жылқы – 1647 бас (2024 ж. – 2401 бас), төмендеу 68,6%.

• Құс – 8 514 бас (2024 ж. 10 820 бас), төмендеу 78,7%.

Негізгі капиталға инвестициялар

2025 жылғы қаңтар-маусымда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 23 млрд. 75 млн. теңгені немесе 2024 жылға қарай 111,2% (20 млрд. 748 млн. теңге), жоспарға 160,9% (14 млрд. 341 млн. теңге) құрады. НКИ-108,7%.

Сауда

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 4232 бірлікті, немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 100,9% құрады (4 192 бірлік).

2025 жылғы 1 шілдеге тіркелген ШОБ субъектілерінің саны 4616 бірлікті немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне 102,5%

құрады (4 500 бірлік)

Бөлшек сауда көлемі – 12 млрд. 888 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 129,1% (9 млрд. 978,4 млн. теңге), жоспарға 109,2% (11 млрд. 800 млн. теңге) НКИ – 100% құрады.

Көтерме сауда көлемі – 10 млрд. 523,1 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 158,5% (6 млрд. 636 млн. теңге), НКИ – 131,9% құрады.

Құрылыс

Құрылыс жұмыстарының көлемі 13 млрд. 522,4 млн. теңгені немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 118,2% (2024 ж. – 11 млрд. 443 млн. теңге), жоспарға 114,7% (жоспар – 11 млрд. 786 млн. теңге) құрады. НКИ-104%.

Тұрғын үйді іске қосу бойынша 9961 шаршы метр немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 468,3% (2024 ж. – 2127 ш. м.) немесе жоспарға 102,6% (2025 жылдың жоспар – 9706 ш. м) құрады.

Білім

Мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы саны 5205 (1 жастан 6 жасқа дейін) немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 101,1% құрады (2024 жылдың 6 айларында – 5150 адам).

Мектептерде 11 045 оқушы оқиды немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 100,8% (2024 жылдың 6 айында – 10 956 адам).

Компьютерлер саны – 3721 бірлік, 1 компьютерге есептегенде оқушылар саны – 3,4.

Қоғамдық тәртіп

2025 жылғы қаңтар-маусым айларының тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 230 (2024 ж. – 263), азайуы – 12,5% құрады.

Оның ішінде ауыр қылмыстар – 47 (2024 ж. – 80), аса ауыр қылмыстар – 0 (2024 ж. – 7).

Ауыр қылмыстардың ашылу деңгейі – 62,2% (2024 ж. – 89,4%). Аса ауыр

қылмыстардың ашылу деңгейі 0% (2024 ж. – 83,3%), құрады.

Денсаулық сақтау

Статистикалық деректерге сәйкес 2025 жылғы 1 тоқсанның қорытындысы бойынша туу көрсеткіші 3,81 промиллеге төмендеді (2025 жылғы қаңтар-наурызда көрсеткіш 1000 адамға 15,70 промиллеге 2024 жылғы қаңтар-наурызда 1000 адамға 19,51 құрады).

Өлім-жітім деңгейі 1,08 промиллеге артқаны тіркелді (2025 жылғы қаңтар-наурызда көрсеткіш 1000 адамға 8,67, 2024 жылғы қаңтар-наурызда 1000 адамға 7,59 құрады).

Нәресте өлімінің деңгейі 10,44 промиллеге төмендеді (2025 жылғы қаңтар-наурызда көрсеткіш 1000 тірі туылғанға 7,52, 2024 жылғы қаңтар-наурызда 1000 тірі туылғанға 17,96 құрады).

Халықты жұмыспен қамту

Кедейлік шегінен төмен тұратын аз қамтылғандар саны 238 адамды, немесе жоспарға 100% (жоспар – 238 адам).


Жұмыссыздар саны 648 адамды құрады.

383 жұмыссыз азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды немесе жоспарға 103% (жоспар – 372 адам).

Уақытша жұмыспен 107 адам қамтылды немесе жоспарға 100% (жоспар – 107 адам).

2025 жылғы қаңтар-маусымда Сәтбаев қаласының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері тұрақты өсумен сипатталады. Барлық негізгі көрсеткіштер 100% - дан жоғары деңгейде орындалды, оның ішінде өнеркәсіп, инвестициялар, құрылыс және жалақы бойынша оң динамика байқалады. Болашақта осы қарқынның сақталуы бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

Сәтбаев қаласының экономика және қаржы бөлімі



СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін. Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru


ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

► БІЛЕ ЖҮРГЕННІҢ АРТЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

Қанат Мусин Жезқазған байыту фабрикасының шаң тұтқыш қондырғыларын тазалау және орнату цехының слесарі болып еңбек етеді. 2013 жылы Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмамдаған оның байыту фабрикасына келіп, жұмысшы мамандығын иегеремін деген ойы болған да емес.



ҚАЙ УАҚЫТТА ӨТЕДІ?

Ауыл шаруашылығының санағы 1 тамыздан 20 қазанға дейін өтеді

Қазақстандағы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында өтеді. Бұл ауқымды статистикалық байқау Мемлекет басшысының тапсырмасы мен Үкіметтің шешімі бойынша жүргізіледі. Ол онлайн және офлайн бөліктен тұрады. Онлайн санақ sanaq.gov.kz сайтында 1-31 тамыз аралығында өтеді. Барлық заңды тұлғалар, фермерлер мен шаруа қожалықтары сауалнамадан өз бетінше өтуі керек. Сондай-ақ үй шаруашылықтары да сауалнамаға онлайн қатыса алады. Офлайн санақ 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өтеді. Интервьюерлер онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарын аралап шығады.

ОНЛАЙН САУАЛНАМА ҚАШАН БОЛАДЫ?

Ауыл шаруашылығы санағының онлайн кезеңі 1-31 тамыз аралығында өтеді.

Ауыл шаруашылығы санағының онлайн сауалнамасы 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында жүргізіледі. Бүгінде сайт танысу үшін іске қосылып тұр. Заңды тұлғалар, фермерлер мен үй шаруашылықтары санақ парақтарын қашықтан өз бетінше толтыра алады. Сайтқа кірген кезде респондент ЭЦҚ, QR-код немесе СМС арқылы тіркеліп, авторизациядан өтуі қажет. Сауалнаманың кейбір жолдарында мемлекеттік

органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрсетіледі. Респондент оларды өзгеріссіз қалдыруы немесе жаңартуы мүмкін. Сауалнама аяқталғаннан кейін респонденттің электрондық поштасына санақтан өткені туралы хабарлама келіп түседі. Санақтан онлайн-режимде өтуге ыңғайлы болу үшін жергілікті әкімдіктер мен аумақтық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылатын болады.

ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ҚАМТЫЛАДЫ?

Ауыл шаруашылығы санағы шамамен 17 мыңнан астам үй шаруашылығын және 4 мыңға жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамтиды.

Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы қатысушылардың кең ауқымын қамтиды. Барлығы 17 мыңнан астам үй шаруашылығын және 4 мыңға жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамту жоспарланған. Қызметі мал шаруашылығымен, өсімдік шаруашылығымен және балық шаруашылығымен байланысты барлық заңды тұлға, соның ішінде ЖШС, шаруа және фермер қожалықтары міндетті түрде санаққа қатысуы керек. Сондай-ақ санақ кезеңінде жеке учаскесі, бақшасы бар, өзі үшін дақыл егетін немесе төрт түлік, құс ұстайтындардың барлығын қамту жоспарланған.

ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛАДЫ?

Санақ кезінде ауыл шаруа-

шылығы өндірушілерінен қызметі жайлы сұралады.

Ауыл шаруашылығы санағы кезінде заңды тұлғаларға арналған сауалнамаларда жер және егіс алқаптарына, мал басына, ауыл шаруашылығы техникасына және инфрақұрылымға байланысты сұрақтар болады. Сондай-ақ респонденттер өз қызметінің сипаттамалары, еңбек ресурстары және ауыл шаруашылығы қызметінің басқа да аспектілері туралы сұрақтарға жауап беруі тиіс.

Үй шаруашылықтарынан жер көлемі, маусымдық немесе көпжылдық дақылдардың егілуі, мал немесе құс ұстау, жайылымға шығару туралы сұралады.

ИНТЕРВЬЮЕРЛЕР КӨП БОЛА МА?

Ауыл шаруашылығы санағына 30-ға жуық интервьюер тарту жоспарланған.

Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін Ұлытау облысы бойынша 30-ға жуық адамды тарту жоспарланған. Бұл – санақ кезеңінде уақытша жұмысқа орналасатын интервьюерлер. Санақ персоналды ретінде жұмыссыз азаматтар, студенттер, сондай-ақ конкурстық іріктеуден және арнайы оқытудан өткен барлық ниет білдірушілер тартылады. Барлық интервьюер дала жұмыстары үшін қажетті материалдармен және техникамен, соның ішінде деректерді жинауға арналған планшеттермен қамтамасыз етіледі. Олардың міндеті – үй-үйді аралап, жеке сауалнама жүргізу.

ИНВЕСТИТОРЛАРДЫ ШАҚЫРАМЫЗ!

«Ұлытау» ӘКК» АҚ Жезқазған қаласындағы бұрынғы трикотаж фабрикасы ғимаратын қайта жаңғырту жобасы бойынша инвесторларды әріптестікке шақырады.

Жобаның мақсаты:

Заманауи өндірістік-іскерлік орталық құру, оның ішінде:

- Жалға берілетін кеңсе орындары
 - Өндірістік және қойма алаңдары
 - Шағын және орта бизнеске арналған кеңістіктер
- Инвесторға қойылатын талаптар:**
- Жобаны кемінде 1 миллиард теңге инвестиция салып іске асыруға дайын болу
 - Жалға алушыларды тарту және объектінің коммерциялық басқаруын жүзеге асыру қабілеті

Жобаның артықшылықтары:

- Ыңғайлы орналасуы
 - Жоғары коммерциялық әлеует
- «Ұлытау» ӘКК тарапынан көрсетілетін қолдау:
- Жөндеу жұмыстарына бірлесіп қаржыландыру мүмкіндігі
 - Сатып алу құқығымен жалға алу мүмкіндігі
 - Ғимарат аумағында жүзеге асырылатын жобаларды бірлесіп қаржыландыру мүмкіндігі

«ҰЛЫТАУ» ӘКК АШЫҚ ДИАЛОГ ПЕН ӨЗАРА ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІККЕ ДАЙЫН!

Байланыс үшін: директке жазыңыз немесе телефон арқылы хабарласыңыз: 8 (701) 718-97-77

ПРИГЛАШАЕМ ИНВЕСТИТОРОВ К СОТРУДНИЧЕСТВУ

АО «СПК Ұлытау» приглашает инвесторов к сотрудничеству по проекту реконструкция здания бывшей трикотажной фабрики в г. Жезказган.

Цель проекта:

Создание современного производственно-делового центра, включающего:

- Офисные помещения для аренды
- Производственные и складские площади
- Пространства для малого и среднего бизнеса

Требования к инвестору:

- Готовность реализовать проект с вложением не менее 1 миллиарда тенге
- Способность привлечь арендаторов и управлять коммерческой реализацией объекта

Преимущества проекта:

- Удобное расположение
- Высокий потенциал коммерциализации
- Поддержка со стороны АО «СПК Ұлытау»:
- Возможность частичного софинансирования ремонтных работ
- Возможность аренды с правом выкупа
- Возможность софинансирования проектов, реализуемых на территории здания

АО «СПК ҰЛЫТАУ» ОТКРЫТО К ДИАЛОГУ И ВЗАИМОВЫГОДНОМУ СОТРУДНИЧЕСТВУ

Обращайтесь по телефону: 8 (701) 718-97-77

► ДІНІНДІ – САТПА, ДӘСТҮРДІ – САҚТА!

ЫСЫРАП ПЕН ИМАНДЫЛЫҚ

**Абай хакім: «Адам болам десеңіз,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның, білсеңіз...» – деп бекер
айтпаған.**

Абайдың бұл өлең жолдарында ысырапшылдық — адам баласының ең үлкен дұшпандарының бірі ретінде сипатталған. Шынында да, орынсыз мал шашу, бекерден-бекер шығынға ұрыну, шектен тыс бәсекелестікке түсу — рухани дағдарыстың бір көрінісі.

Қасиетті Құранда да бұл жайында бірнеше аяттар бар. Мәселен, «Исра» сүресінде Алла Тағала: «Ысырап етпеңдер. Шынында, ысырап етушілер — шайтанның бауырлары» — деп қатаң ескертеді.

Бұл аяттың астарында терең мағына жатыр. Ысырап — адамның нәпсісіне еріп, шектен шығуы. Ал шайтанның жолын қуған пенде — Алланың разылығынан алыстап, күнәлі істерге бой ұрады. Ысырапқа тек дүние-мүлік емес, Алланың берген уақыты, денсаулығы, ақылы, еңбегі — бәрі кіреді. Әрбір ісімізде мөлшер, орындылық, пайда болуға тиіс.

Бәсекеге емес, парасатқа негізделген салт керек.

Соңғы жылдары өңірімізде ысырапшылдықпен күрес мәселесі жиі көтеріле бастады. Ақсақалдар мен дін өкілдері бұл бағытта елеулі жұмыстар атқарып келеді. Нәтиже жоқ емес, біршама ілгерілеу бар. Дегенмен, кейбір жағдайда бұл жағымсыз үрдіс әлі де кең етек алып бара жатқаны байқалады.

Бұрынғы дәстүрде марқұмға жетісі, қырқы, жылы берілетін. Ал бүгінде 3 жыл, 5 жыл, 7, 10-15-20 жыл деген секілді асыра сілтеу көбейіп барады. Бұл жерде бәсекелестікпен қатар, ел ішіндегі білместік те рөл ойнап отырған сияқты.

Осындай мәселелер бүгін облыстық, қалалық және ауыл ақсақалдарының біріккен отырысында көтеріліп, облысымыздың бас имамы Бейбіт қажы бұл сұрақтарға жауап берді. Кездесу барысында мен өз анамнан естіген бір өсиетті еске алдым: «Мен өлгенде мен үшін бір сабақ жіпті қарызға алсаң, маған ауыр болады», — деп отыратын жарықтық. Себебі ол кісі ақырет киімін өз қолымен, адал еңбегімен дайындаған еді. Осы сөздің астарында — тазалық, үнемділік һәм бұл дүниеден қарызсыз кету, ар-ұят жатқан жоқ па?

Ал бүгіндері кейбір азаматтар «елден қалмаймын» деп қарызға батып, бала-шағаның ауызынан жырып, асып-тасып ас береді. Бұл сауапты іс пе? Өлде керісінше — марқұмға ауыртпалық па?

Құранды үйден де оқуға болады емес пе?

Аруаққа дұға, Құран бағыштау үшін міндетті түрде үлкен тойхана жалдап, 300 адам шақырып, ысырап ету шарт емес. Құран мен дұға — жүрек тазалығы мен ықыласқа байланысты. Үйде, қарапайым дастархан үстінде марқұмның ұрпағы не туыстары оқылған құран қабыл болады деуші еді бұрынғылар. Атам қазақ «жетімге жетенді, өлікке батаңды бер» деп бекер айтпаған.

Облыстың бас имамы да бұл мәселеде жұртшылықтың алаңдаушылығы орынды екенін айтты. Марқұмның мойнына қарыз салмай, ақтық сапарға адалмен шығарып салу — сауаптың ең үлкені, деді.

Сондықтан, қаражатымызды да, уақытымызды да пайдасы тиетін жерге жұмсап, зияны тиетін істерден аулақ болайық. Абай айтқан «бекер мал шашпақ» — біздің ар-иманымызға, ата салтымызға жат қылық.

Өлімде де, тойда да, қуаныш пен қайғыда да — бірлік, қарапайымдылық, ұстамдылық керек. Бай да, кедей де бірдей — шама-шарқына қарай тіршілік етсе, қоғамда теңдік пен сенім артады.

-Ертеңгі күнді ойлайық,
-Жауапкершілікпен өмір сүрейік,
-Ысыраптан сақтанайық,
-Үнемшіл болайық!

Бұл — ең алдымен өзің, сосын ұрпағың үшін керек!

**Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,
Жезқазған қаласының құрметті азаматы.**

► «100 КІТАП» ЖОБАСЫ

«НЕГЕ ОҚУ КЕРЕК?»

«Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «100 кітап» ұлттық сауалнамасы жобасы аясында «Неге оқу керек?» тақырыбында кездесу өтті.

Абай атындағы №4 мектеп лицейінің тарих пәнінің ұстазы Абылай Анар өзінің оқыған кітаптары жайлы ойымен бөлісті. Расында оқыған, көзі ашық адам жан — жағында болып жатқан құбылыстардың астарын барлап, жаратылыстың қарама — қайшылықтарын саралай алады. Білімді тұлға алдымен ішкі рухани еркіндігінде қол жеткізеді. Сыншыл семсері жанында, ірілікке қол жеткізеді. Бұл бір адамның басында болып, абыройын асқақтататын қасиет тегінен бөлек, тәрбие де, кітаппен бірге қалыптаспақ. Бұл — ұлттық сананы жаңғыртуға, жастарды ойлы, білімді азамат етіп тәрбиелеуге арналған үлкен қадам. Осындай жобалардың көп болғанын қалаймын.

Кітапханашы Баян Айымбетова «100 кітап» жобасы — оқырман арттыратын, ұрпақты рухани байытатын құнды бастама. Кітапханашы ретінде мен оны қолдаймын және оқырмандарға кеңінен насихаттауға әрқашан дайынмын. Ол оқырманға дұрыс бағыт береді, қызығушылығын арттырады. Біз осы кітаптарды насихаттап, түрлі іс-шаралар ұйымдастырлуда «Ойды жалғастыр», «Кітапты бірге оқимыз», «Оқырман ойы», «Не оқып жүрсіз?», «Кітаппен фото» арқылы оқырманмен байланысты нығайтамыз. Кітапханаға келген әр оқырманға бағыт-бағдар беру — біздің міндетіміз. «100 кітап» тізімі сол жұмысты жеңілдетеді әрі сапалы етеді. Бүгінде Ұлы Абайдың «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деген сөздері өте



өзекті. Әлемдік ақпараттық толқында шынайы маңызды нәрселерді ұмытпау үшін кітап оқу қажет. Кітап күні — бұл бізге және балаларымызға кітаптың тек білімнің көзі ғана емес, сонымен қатар құндылықтарымызды көрсету құралы екендігін еске салатын мүмкіндік.

Сіз де дауыс беріп, ұлт руханиятына үлес қосыңыз, оқырман!

**Фатима ДҮЗБАЕВА,
Кітап қорын толықтырушы.**

► ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы сот төрелігінің ашықтығы мен жариялылығына тікелей байланысты. Сот ісін жүргізудің жариялылығы — бұл азаматтардың әділ сотқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз етудің, халықтың сотқа сенімділігін арттырудың және соттың объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Бұл қағидат Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі - ҚПК) нақты бекітілген.

ҚПК-нің 29-бабына сәйкес, қылмыстық істерді талқылау барлық соттарда және сот сатыларында ашық жүргізілуі қарастырылған/ жабық сотта қаралатын істерді қоспағанда/.

Сот ісін жүргізудің жариялылығы тек ашық сот талқылауын жүргізуді ғана емес, сонымен қатар оған тараптардың, сондай-ақ қылмыстық іске қатысы жоқ өзге де адамдардың қатысу мүмкіндігін, процеске қатысушылардың істің барлық материалдарымен танысуын, сот шешімінің көпшілікке жария етілуін, заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларының бірыңғай деректер базасын құруды және олармен, сот актілерінің орындалуы жөніндегі ақпаратпен еркін танысуды қамтиды.

Сонымен қатар, аталған қағидатты сақтау, сот ісінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, республика бойынша сот процестерін жария жүргізу, яғни сот отырыстарын онлайн трансляциялау тәжірибесі енгізіліп жатыр. Бұл жаңашылдық сот органдары тарапынан үлкен жұмысты талап ететінін ескеру қажет, яғни сапалы тікелей эфирді қамтамасыз ету, сот процесін ұйымдастыруға байланысты дайындық, техникалық жұмыстарды жүргізу. Аталған тәжірибені іске асыру аясында БАҚ



өкілдерінің тікелей сот отырыстарына қатысуына барынша мүмкіндік және жағдайлар жасалауда. Бұл тәжірибе сот жүйесінің ашықтығымен қамтамасыз етумен қатар, халықтың құқықтық сауаттылығын арттырады.

Сот ісін жүргізудің жариялылығы - сот жүйесі ашықтығының кепілі. Сондықтан бұл қағидатты одан әрі жетілдіру — демократиялық қоғамның қалыптасуының айқын көрсеткіші болмақ.

**Г.ИСКАКОВА,
Жезқазған қалалық сотының судьясы.**

«Ұлытау — Мейірім» қоғамдық қорының басшылығы мен Қамқоршылық кеңесі Қордың құрылтайшысы және Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, Аманкелді Жакуповқа әкесі

Олжатайдың

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



ОВЕН. Вас ждет активная неделя, насыщенная делами и встречами. Стоит прислушаться к интуиции: она поможет отличить важное от второстепенного. Не поддавайтесь импульсам — особенно в финансовых вопросах. В личной жизни лучше не давить на партнера — мягкость сыграет на руку.



ТЕЛЕЦ. Вы почувствуете, что пора замедлиться. Это подходящий момент для перезагрузки. Не планируйте крупных покупок или серьезных начинаний — неделя благоприятна для завершения старых дел. Общение с близкими подарит тепло, особенно в неожиданных мелочах.



БЛИЗНЕЦЫ. Идеи, которые давно крутились в голове, наконец начнут обретать форму. Не упустите шанс продемонстрировать себя в профессиональной сфере — вас заметят. Однако не вступайте в словесные перепалки: слова могут быть восприняты двусмысленно.



РАК. Неделя подарит эмоциональные колебания, но за ними скрывается ценный внутренний рост. Обратите внимание на здоровье — возможно, стоит сменить привычный режим. Честный разговор с родственником принесет облегчение, даже если сначала будет нелегко.



ЛЕВ. Вас может потянуть на авантюры — в любви или в карьере. Однако звезды советуют сохранять внутреннюю дисциплину. Самообладание позволит Вам выйти победителем в сложной ситуации. В конце недели возможна приятная новость, связанная с прошлым.




ДЕВА. Распорядок начнет давать сбои, но не стоит волноваться — в хаосе тоже есть возможности. Вам будет полезно довериться кому-то, кому Вы давно не открывались. Не откладывайте бытовые дела: именно через порядок вокруг вы обретете порядок внутри.




ВЕСЫ. Ситуации на работе могут потребовать от вас гибкости, а в личных отношениях — честности. Не бойтесь быть уязвимыми: открытость сейчас станет источником силы. Финансовые решения лучше отложить до конца недели, когда появится ясность.



СКОРПИОН. Скрытые эмоции могут выйти наружу. Неделя — как лакмусовая бумажка: покажет, где вы игнорировали свои потребности. Не стесняйтесь переформатировать отношения, даже если это кому-то не понравится. Неожданная встреча в выходные изменит настрой.



СТРЕЛЕЦ. Вам захочется все и сразу, но именно размеренность приведет к успеху. Сосредоточьтесь на одном проекте. В семье возможен небольшой конфликт — причина кроется в недосказанности. Проясните ситуацию, прежде чем она разрастется.



КОЗЕРОГ. Работа требует решительности, но в остальном лучше держать паузу. Не распыляйтесь. Ваше внимание может понадобиться пожилому родственнику — проявите заботу. В конце недели будет повод для гордости, связанный с усилиями последних месяцев.



ВОДОЛЕЙ. Неделя даст неожиданные открытия — особенно через людей, с которыми вы давно не общались. Старые связи могут сыграть важную роль. Внутреннее беспокойство — это сигнал пересмотреть планы. Вам пойдет на пользу спонтанная поездка.



РЫБЫ. Вы станете особенно чувствительны к словам и настроениям окружающих. Важно защитить свое пространство, не замыкаясь при этом полностью. Вам может поступить нестандартное предложение — не отмахивайтесь сразу, дайте ему шанс раскрыться.

СКАНВОРД

Приобретение тёртого калача	↓	Банкнота из Еревана	↓	Место, где прошелся лобзик	↓	Портал, форум	↓	"Гонщик" на нартах	↓
Покупка втридо- рога	→								
То же, что допинг		"Влияние" дороги		Комфорт- ная об- становка		Клён, порода		"Сила" быстро движу- щегося	
↙		↓		↓		↓		↓	
Коллега агронома	Взрос- лость на- секомого		Вдвое больше, чем квартет		Кавказ- ский богатырь		Китайская ...		Подмос- ковное "шале"
↙	↓		↓		↓		↓		↓
Сэр ... Джagger	→			Крупный попугай	→				
Тот, кто придумал	→					Плаваю- щее растение		День недели	
"Ворота" в море		Древняя угловатая буква		"Лес" для муравья	→	↓		↓	
↙		↓		Копия из гипса	Аркан в прериях		Неболь- шое пернатое		Особая группа людей
И. о. мамы	"Гламур- ное" судно		Агатова ...	↙	↓		↓		↓
↙	↓		↓	"Дачный" цветок	→				
Суп к лавашу	→			Элегиче- ское стихо- творение	→				
Преемник апостола Петра		... Челюскин	→			Музыкаль- ный "бест- селлер"	→		
↙				Порт на острове Хонсю	→				

Анекдоты, анекдоты...



Решили китайцы напасть на Россию. Верховный главнокомандующий НОАК говорит: «По опыту чеченских боевиков, российскую границу будем пересекать небольшими группами: по 2-3 миллиона человек.»

Хомяк, заяц и волк решили поехать в Китай, чтобы научиться боевым искусствам. Волк гооврит: «Я поеду в Китай, выучу боевые искусства и буду Мастер Вуй». Заяц говорит: «Я поеду в Китай выучу боевые искусства и буду мастер Зуй». Хомяк: «А я, а я.... пожалуй не поеду.»

Русский богатырь выходит из-за холма и кричит:

— Выходи сто тысяч китайцев со мной биться!

Собирается сто тысяч китайцев, идут биться, но никто не возвращается...

Снова кричит русский богатырь:

— Выходи двести тысяч китайцев со мной биться!

Собирается двести тысяч китайцев, идут биться, но снова никто не возвращается...

И снова кричит русский богатырь: — Выходи триста тысяч китайцев со мной биться!

Собирается триста тысяч китайцев, идут биться, но тут из-за холма вывыползает один китаец и кричит:

— Не ходите, китайцы за холм биться, там засада — их двое...

Китайцы нашли на Марсе новую форму жизни и уже придумали из нее 10 блюд.

— Вот ты знаешь, что в связи с глобализацией скоро не будет ни итальянского, ни английского, ни американского.

— Да, слышал. Все будет китайское.

Спрашивает китаец у белоруса: — А сколько вас всего живет в Белоруссии?

— Да около девяти миллионов!

— Хорошо вам, вы все друг друга в лицо знаете.

БАС МҮФТИДІҢ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНА САПАРЫ



ЖАҢА МЕШІТ САЛЫНАДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы жұмыс сапарымен Ұлытау облысына барды. Сапар барысында Бас мүфти облыста бой көтергелі жатқан жаңа мешіттің іргетасын қалау рәсіміне қатысып, жамағатпен жүздесті.

«Жаңа мешіт – тек құлшылық орны ғана емес, ол – тәрбие мен тағылымның, білім мен бірліктің, ынтымақ пен ізгіліктің ордасы. Мұнда жастар пайдалы білім алып, дұрыс діни түсінікпен сусындап, жат ағымдардан қорғана алады. Бұл мешіттің ел ішіндегі тұрақтылық пен рухани даму жолында қызмет ететініне сенімдімін.

Аллаға шүкір, бүгінде елімізде 3 мыңға жуық мешіт халыққа қызмет көрсетуде. Бұл – халқымыздың руханиятқа деген сұранысының айғағы. Ұлытау жеріндегі жаңа мешіт – осы игі үрдістің жалғасы», – деп атап өтті Бас мүфти.

Қазіргі таңда Ұлытау облысында 33 мешіт пен 1 қайырымдылық мекемесі халыққа рухани қызмет көрсетуде. Облыс көлемінде 56 дін қызметкері өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді.

ИМАМДАРҒА НАСИХАТ АЙТТЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Ұлытау облысына жасаған жұмыс сапары барысында өңір имамдарымен кездесті.

Бас мүфти дін қызметкерлеріне тек уағыз-насихатпен шектелмей, қоғамдағы тәрбиелік, ағартушылық және діни тұрақтылық бағытындағы жұмыстарға да белсене араласуы қажет



екенін атап өтті.

Кездесу барысында діни білім мен кадр даярлау мәселесіне де айрықша назар аударылды. Қазіргі таңда Ұлытау өңірінің жастары Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде білім алуда.



МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы жұмыс сапары аясында Ұлытау облысы Сәтбаев қаласында өткен қайырымдылық шарасына қатысты.

Игі іс-шара Сәтбаев қаласындағы Балмағамет Балқыбайұлы атындағы мешіттің оқу орталығында өтіп, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қажетті құрал-жабдықтар алуға арналған ақшалай сертификаттар табысталды. Атап айтқанда, Т. Әділовке – мүгедектер арбасын, А. Аманқұлов пен А. Далабайға – есту аппараттарын алу үшін сертификаттар берілді.

Бас мүфти қайырымдылық – Ислам дінінің негізгі құндылықтарының бірі екенін айта келе, мұндай шаралардың мұқтаж жандарға қуаныш сыйлап, қоғамда мейірімділік пен жанашырлықты арттыратынын жеткізді.

МЕДИАСТУДИЯ АШЫЛДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Ұлытау облысына жасаған жұмыс сапары аясында Сәтбаев қалалық орталық мешіті жанындағы «Fajr.media» медиаорталығының салтанатты ашылуына қатысты.

Жаңа студияның жұмыс барысын облыстың Бас имамы Бейбіт Бақытжанұлы таныстырды. Медиаорталықта имам-ұстаздардың дәрістері, дін қызметкерлерінің қатысуымен өтетін подкасттар, сұхбаттар және өзге де рухани-ағартушылық жобалар түсірілмек.

Бас мүфти жаңа студияның жұмысына сәттілік тілеп, батасын берді.

muftyat.kz

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1234

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.